

## КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ НЕГІЗДЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ

Өтеміс Айымгүл Өтемісқызы

[aiym\\_0890@mail.ru](mailto:aiym_0890@mail.ru)

7M01301 -Білім берудегі менеджмент білім бағдарламасының 1курс магистранты

**Кемел Әсем, Сәрсембек Ақбота**

6B01302- Бастауыш білім беру ІР білім бағдарламасының 1 курс студенттері

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының докторы - Мұханбетжанова А.М.

Қазіргі қоғамда жас ұрпақтың әлеуметтік ортаға бейімделуі мен әлеуметтену процесі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе, кіші мектеп жасындағы оқушылардың қоғамға сәтті енуі олардың болашақ тұлғалық қалыптасуы мен табысты өмір сүруіне тікелей әсер етеді. Бұл жаста баланың мінез-құлқы, қарым-қатынас дағдылары, құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік нормаларды меңгеру деңгейі қалыптасады. Сондықтан кіші мектеп кезеңінде тиімді әлеуметтендірудің негіздерін зерттеу – білім беру мен тәрбие жүйесінің басым бағыттарының бірі.

Әлеуметтендіру – адамның әлеуметтік ортаға бейімделуі, қоғамда өмір сүруге қажетті құндылықтар мен нормаларды, мінез-құлық ережелерін меңгеру үдерісі. Бұл процесс адамның өмірлік тәжірибесін қалыптастырып, оны белгілі бір қоғам мүшесі ретінде танытады. Әлеуметтендіру бала өмірінің алғашқы жылдарынан басталып, бүкіл өмір бойы жалғасады. Ол тек білім беру мекемелері арқылы ғана емес, отбасы, құрдастар ортасы, бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер мен мәдени орта арқылы жүзеге асады.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың әлеуметтенуі – олардың қоғамға бейімделуінің маңызды кезеңі. Бұл кезеңде балалар қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауды үйреніп, қоғамда өзін қалай ұстау керектігін меңгереді. Әлеуметтену процесі тек мектеп қабырғасында ғана емес, отбасында, құрдастарымен қарым-қатынаста, сондай-ақ ақпараттық құралдар мен мәдени орта арқылы да жүзеге асады.

Кіші мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктері олардың әлеуметтену процесіне тікелей әсер етеді. Бұл жаста балалар өте эмоционалды, әсерленгіш және еліктеуге бейім болады. Олар мұғалімдердің, ата-аналардың және басқа да ересектердің мінез-құлқын үлгі ретінде қабылдап, соларға ұқсауға тырысады. Сонымен қатар, бұл жастағы балалар әлеуметтік қатынастарға түсуге ерекше құштар. Олар сыныптастарымен және достарымен қарым-қатынас жасауды қажет етеді, ұжымдық ойындарға, бірлескен әрекеттерге белсенді түрде қатысады.

Әлеуметтену үдерісінде отбасының рөлі ерекше. Ата-аналар баланың алғашқы әлеуметтік ортасы болып табылады. Олардың қарым-қатынасы, берген тәрбиесі, отбасы ішіндегі атмосфера баланың болашақтағы мінез-құлқына, қоғамға бейімделуіне тікелей ықпал етеді. Егер балаға отбасында жеткілікті көңіл бөлініп, оны қолдап отырса, ол өзіне сенімді, белсенді әрі ашық болады. Ал керісінше, ата-ананың шектен тыс бақылауы немесе немқұрайлығы баланың әлеуметтенуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Мектеп те баланың әлеуметтенуінде маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер тек білім беруші ғана емес, сондай-ақ оқушыларға қоғамдағы мінез-құлық нормаларын үйретуші тұлғалар болып табылады. Кіші мектеп оқушылары мұғалімнің пікіріне үлкен мән береді, оның айтқан сөздері мен әрекеттерін үлгі ретінде қабылдайды. Сондықтан мұғалімдер балаларға қолдау көрсетіп, олардың мектепке бейімделуіне, құрдастарымен жақсы қарым-қатынас орнатуына көмектесуі керек.

Құрдастар ортасы да әлеуметтенудің маңызды факторы болып табылады. Балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы достық, өзара көмек, ынтымақтастық сияқты әлеуметтік

дағдыларды меңгереді. Бұл кезеңде бала өз орнын тауып, топтың бір мүшесі ретінде сезінуге тырысады. Егер бала құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас орната алса, оның әлеуметтік дамуы да сәтті жүреді.

Сонымен қатар, ақпараттық құралдар мен мәдени орта да баланың әлеуметтенуіне әсер етеді. Балалар мультфильмдерден, ертегілерден, кітаптардан, телехабарлардан қоршаған орта туралы көптеген мағлұмат алады. Осы ақпараттар арқылы олар қоғамдағы әртүрлі мінез-құлық үлгілерін, құндылықтарды, моральдық нормаларды меңгереді. Алайда, қазіргі заманда интернет пен әлеуметтік желілердің ықпалы артып келе жатқандықтан, олардың балаларға қалай әсер ететінін қадағалау маңызды.

Қорыта айтқанда, кіші мектеп жасындағы оқушылардың әлеуметтенуі – күрделі әрі көпқырлы процесс. Бұл кезеңде бала қоғамдағы орнын тауып, әлеуметтік нормаларды меңгереді, қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырады. Осы үдерістің сәтті жүзеге асуы үшін ата-ана, мұғалім және құрдастар ортасы бірлесе әрекет етуі керек. Тиімді әлеуметтену – баланың болашақта толыққанды азамат болып қалыптасуының кепілі.

Нәтижелі әлеуметтенуін қамтамасыз ету үшін әртүрлі педагогикалық технологиялар мен әдістерді тиімді қолдану қажет. Бұл әдістер балалардың қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға, олардың әлеуметтенуін жеңілдетуге және мектептегі ортаға тез бейімделуіне көмектеседі.

#### 1. Ойын технологиясы

○ Мысалы: "Рөлдік ойындар" әдісі. Бұл әдісті мен сынып оқушыларымен өткізген "Дүкенде" атты рөлдік ойында қолдандым. Балалар сатушы мен сатып алушы рөлдерін ойнап, қарым-қатынас дағдыларын дамытты. Осы ойын барысында кейбір оқушылар өз ойын ашық жеткізуде қиналды, кейбірі қатты қобалжыды. Бірақ бірнеше жаттығу барысында олар сенімділік танытып, өзара сыпайы қарым-қатынас жасауға үйренді.

#### 2. Топтық және жұптық жұмыс әдісі

○ Мысалы: "Менің досым" атты тапсырма. Бұл әдісте оқушылар жұптасып, өз досы туралы әңгімелеп, оның жақсы қасиеттерін сипаттады. Сабақ барысында кейбір балалар жұптық жұмысты қиын қабылдады, өйткені олар өз ойын ашық айтуға қысылды. Бірақ сабақ

соңында оқушылар бір-бірінің жақсы қасиеттерін бағалай білуді және өзара түсіністікті дамыту қажеттігін түсінді.

3. Жобалау технологиясы

○ Мысалы: "Менің арманымдағы қала" жобасы. Бұл жоба барысында оқушылар өз қиялындағы идеалды қаланы суреттеп, оның тұрғындарының өмір сүру ережелерін ойлап тапты. Нәтижесінде балалар өз ойын еркін білдіруге дағдыланып, шығармашылық қабілеттері дамыды.

Интерактивті оқыту және тәрбиелік шаралар

1. "Достық көпірі" тренингі

Бұл тренингте балалар шеңбер жасап, кезекпен бір-біріне жылы сөздер айтып, достықтың маңыздылығын түсінді. Бұл жаттығу оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнатуға және өзара сенімділік қалыптастыруға көмектесті.

2. "Құрмет пирамидасы" тәрбиелік шарасы

Әр оқушы қағазға бір-бірінің жақсы қасиеттерін жазып, олардан пирамида құрастырды. Осылайша, олар өз сыныптастарының жақсы жақтарын көруге және құрмет көрсетуге үйренді.

3. "Әдепті бала – арлы бала" пікірталасы

Оқушылар әдептілік нормалары мен мінез-құлық ережелерін талқылап, әртүрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдауды үйренді.

Әлеуметтенудің негізгі міндеттерінің бірі – балаларға дұрыс құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын үйрету. Бұл бағытта шетелдік тәжірибені зерттеу маңызды. Финляндия мектептерінде "Well-being education" (Жақсы өмір сүру білімі) бағдарламасы іске асады. Бұл бағдарлама балалардың эмоционалдық интеллектін дамытып, оларды қоғамда өзін еркін сезінуге үйретеді. Мен бұл әдістен шабыт алып, оқушылармен "Өз сезіміңді түсін" атты тренинг өткіздім. Сабақ барысында балалар өз эмоцияларын анықтап, оны дұрыс білдіруді үйренді. Жапонияда кіші мектеп жасындағы сынып оқушылары өзін-өзі басқаруға және тәртіпке баулынады. Олар мектепті жинау, бір-біріне көмектесу арқылы қоғамға бейімделеді. Осы тәжірибені негізге ала отырып, мен сыныпта "Біз – біргеміз" атты эстафеталық көмек жобасын ұйымдастырдым. Оқушылар бір-біріне көмектесіп, сынып ішіндегі жауапкершілік сезімін арттырды.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың нәтижелі әлеуметтенуін қамтамасыз ету үшін педагогикалық технологияларды дұрыс таңдап, олардың жеке ерекшеліктерін ескеру қажет. Интерактивті әдістер мен тәрбиелік шаралар балалардың қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытып, өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне көмектеседі. Шетелдік тәжірибені зерттеу мен оны оқу процесіне бейімдеу оқушылардың әлеуметтенуін одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

Қазіргі заманғы білім беру әдістерінің ішінде STEAM технологиялары мен инновациялық жобалар балалардың әлеуметтенуіне ерекше ықпал етеді. STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) әдістері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, олардың қоршаған ортаға бейімделуіне көмектеседі. Мысалы, "Менің болашақ қалам" атты жобалық жұмыс барысында балалар өздерінің шығармашылық идеяларын ортаға салып, топпен жұмыс істеуді үйренеді. Бұл әдіс арқылы олардың логикалық ойлауын дамытып, қарым-қатынас жасау қабілеттерін арттыра аламыз деп ойлаймын.

Сонымен қатар, инновациялық жобалар оқушылардың әлеуметтенуін жеңілдетудің тағы бір тиімді құралы болып табылады. "Достық клубы" сияқты мектепшілік жобаларды іске асыру балалардың бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді. Сондай-ақ, экологиялық жобалар арқылы оқушылар табиғатты қорғау, жауапкершілік және ұжымдық жұмыс дағдыларын меңгереді. "Эко-мектеп" жобасында оқушылар мектеп ауласын көгалдандыруға қатысты, бұл олардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, топтық жұмыс дағдыларын нығайтты. Әлі де алдағы уақытта белсенділікті талап етіп отыр. Себебі бұл жоба аясында көптеген экологиялық мәселелерді кішкентайдан бастап қарай алуымызға себеп туындайды.

Жалпы, кіші мектеп жасындағы оқушылардың әлеуметтенуі олардың болашақта толыққанды азамат болып қалыптасуына негіз болады. Бұл процесті тиімді ұйымдастыру үшін педагогикалық әдістерді дұрыс таңдап, оқушыларға қолайлы орта қалыптастыру қажет. Әлеуметтендіру үдерісінде мектеп, отбасы, құрдастар ортасы және ақпараттық технологиялар маңызды рөл атқарады. Осы факторларды ескере отырып, кіші мектеп жасындағы оқушылардың әлеуметтенуін дұрыс бағытта ұйымдастыру – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың әлеуметтенуі бірқатар ерекшеліктермен сипатталады. Біріншіден, олардың эмоционалдық қабылдауы жоғары болып келеді. Балалар ересектердің мінез-құлқын, қимылдарын, сөздерін жылдам қабылдап, оларды өз іс-әрекеттеріне бейімдейді. Екіншіден, олар қарым-қатынасқа бейім келеді. Құрдастарымен және мұғалімдермен тығыз байланыс орнатып, әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді.

Үшіншіден, кіші мектеп жасындағы балалар құндылықтар мен нормаларды тез меңгереді. Бұл жастағы оқушылар үшін мектеп пен отбасы ұсынатын моральдық нормалар мен ережелер маңызды рөл атқарады. Төртіншіден, ойын арқылы әлеуметтену процесі жүреді. Ойын барысында балалар әлеуметтік рөлдерді игеріп, қоршаған ортаға бейімделеді. Сонымен қатар, тәрбие мен білімнің ықпалы да ерекше орын алады. Мектеп пен мұғалімдер балалардың әлеуметтенуіне үлкен әсер етеді, өйткені олар негізгі білім мен тәрбие беруші институттар болып табылады. Осы себепті кіші мектеп жасындағы оқушылардың нәтижелі әлеуметтенуі олардың болашақта толыққанды азамат болып қалыптасуының кепілі ретінде қарастырылады. Сондықтан бұл үдерісті тиімді ұйымдастырудың негіздерін зерттеу – педагогика ғылымының маңызды бағыттарының бірі.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың әлеуметтенуі – олардың қоғамға бейімделуіндегі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл кезеңде балалар әлеуметтік қарым-қатынас жасауды үйреніп, мінез-құлық нормаларын меңгереді, өз ортасына бейімделеді. Әлеуметтенудің нәтижелі өтуі оқушылардың өзін-өзі тануына, сенімділігіне, жауапкершілігіне және қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына тікелей әсер етеді.

Әлеуметтену үдерісінің тиімділігі үшін отбасылық тәрбие, мектептің рөлі және заманауи технологиялардың ықпалы үлкен мәнге ие. Отбасы балалардың алғашқы әлеуметтену институты болса, мектеп – олардың қоғамдық ортадағы негізгі бейімделу алаңы. Мұғалімдер мен ата-аналар бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана оқушылардың нәтижелі әлеуметтенуіне қол жеткізуге болады.

Әлеуметтендіру үдерісін жетілдіру бойынша ұсыныстар:

1. Ойын және интерактивті әдістерді қолдану – бастауыш сынып оқушылары ойын арқылы жақсы үйренеді, сондықтан рөлдік ойындар мен тренингтер ұйымдастыру олардың әлеуметтенуін жеңілдетеді.
2. Құндылықтарға негізделген тәрбие беру – оқушыларға адалдық, жауапкершілік, сыйластық сияқты құндылықтарды сіңіру олардың қоғамда дұрыс бейімделуіне көмектеседі.
3. Цифрлық сауаттылықты дамыту – әлеуметтік желілер мен интернет ресурстарын тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру арқылы оқушылардың ақпараттық мәдениетін арттыру қажет.
4. Топтық және жобалық жұмыстарды енгізу – STEAM, экологиялық және әлеуметтік жобалар оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтып, әлеуметтік жауапкершіліктерін дамытады.
5. Ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту – мектеп пен ата-аналар арасындағы байланыс нығайса, бала әлеуметтенуі тиімдірек жүреді.

Қорытындылай келе, кіші мектеп жасындағы оқушылардың әлеуметтенуі – олардың болашақтағы табысты тұлға болып қалыптасуының негізі. Бұл үдерісті тиімді басқару үшін педагогикалық технологиялар мен әдістерді дұрыс таңдап, балаларға қолайлы орта қалыптастыру маңызды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Құлымбетова, А.Т. Қазіргі білім беру жүйесіндегі әлеуметтендірудің рөлі – Астана: Фолиант, 2021.
2. UNESCO. Education and Socialization in the 21st Century. – Paris: UNESCO Publishing, 2022.
3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Бастауыш білім беру стандарты. – Астана, 2023.
4. Bandura, A. Social Learning Theory. – Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall, 1977.
5. OECD. The Future of Education: Trends and Challenges in Socialization. – Paris: OECD Publishing, 2023.
6. Әбдіжаппарова, Г. Кіші мектеп оқушыларын әлеуметтендірудің педагогикалық аспектілері. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.